

**"Мемлекеттік аудитор біліктілігін беруге үміткер адамдарды сертификаттау жөніндегі ұлттық комиссия туралы ережені бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 23-НҚ нормативтік қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2017 жылғы 31 шілдедегі № 8-НҚ нормативтік қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 28 тамызда № 15574 болып тіркелді

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы Заңының 39-бабының 5-тармағына сәйкес Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті (бұдан әрі – Есеп комитеті)  
**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мемлекеттік аудитор біліктілігін беруге үміткер адамдарды сертификаттау жөніндегі ұлттық комиссия туралы ережені бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 23-НҚ нормативтік қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12680 болып тіркелген, 2016 жылғы 8 қаңтарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген нормативтік қаулымен бекітілген Мемлекеттік аудитор біліктілігін беруге үміткер адамдарды сертификаттау жөніндегі ұлттық комиссия туралы ережеде:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасы Ұлттық комиссияның төрағасы болып табылады.

Ұлттық комиссияның жұмыс органы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті (бұдан әрі – Есеп комитеті) болып табылады.

Ұлттық комиссияның төрағасы осы тармақтың төртінші бөлігінде көрсетілген ұйымдар басшыларының ұсыныстары негізінде Ұлттық комиссияның дербес құрамын бекітеді.

Ұлттық комиссия құрамына Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Есеп комитетінің, ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның өкілдері, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары (келісім бойынша) кіреді.

Өкілдік мемлекеттік саяси қызметшілер және/немесе "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері деңгейінде қамтамасыз етіледі.";

7-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Ұлттық комиссияның жұмыс жоспарын бекітеді;"

12-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Ұлттық комиссияның хатшысы Ұлттық комиссияның қызметін қамтамасыз етуге жауапты Есеп комитеті аппаратының құрылымдық бөлімшесінің қызметкері болып табылады.";

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 23-НҚ нормативтік қаулысына қосымша осы нормативтік қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Заң бөлімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы нормативтік қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы нормативтік қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпараттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы нормативтік қаулының Есеп комитетінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы нормативтік қаулының орындалуын бақылау Есеп комитетінің аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы нормативтік қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Республикалық бюджеттің  
атқарылуын бақылау жөніндегі  
есеп комитетінің Төрағасы*

*Н. Әбдібеков*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

2017 жылғы 31 шілде

Республикалық бюджеттің  
атқарылуын бақылау жөніндегі  
есеп комитетінің  
2017 жылғы 31 шілдедегі  
№ 8-НҚ нормативтік қаулысына  
қосымша  
Мемлекеттік аудитор біліктілігін  
беруге үміткер адамдарды  
сертификаттау жөніндегі ұлттық  
комиссия туралы ережеге  
қосымша  
нысан

**Мемлекеттік аудитор біліктілігін беруге үміткер адамдарды сертификаттау  
жөніндегі ұлттық комиссия мүшелерінің дауыс  
беру нәтижелерін есепке алу парағы**

**(Ұлттық комиссия мүшесінің А.Ә.Т. (болған жағдайда))**

Р/с №	Кандидаттың Т.А.Ә. (болған жағдайда)	Жұмыс орны	Атқаратын лауазымы	Дауыс бердім:*		Дауыс бермедім *
				Сәйкес	Сәйкес емес	
1	2	3	4	5	6	7
1						
2						
3						
Барлығы:						

Ұлттық комиссия мүшесі:

\_\_\_\_\_ ( қ о л ы )

Күні: 20\_\_жылғы \_\_\_\_\_

Ескерту

\* тиісті сандар қойылатын "Барлығы" деген жолды қоспағанда, "Сәйкес" және "Сәйкес емес" деген бағандарда "+" немесе "-" деген белгілер қойылады.

Ұлттық комиссияның мүшесі отырыста болмаған жағдайда тиісті белгі жасалады.